

Қазақстан Республикасы ірі қалаларының топырақ жамылғысындағы ауыр металдардың таралуын геоақпараттық үлгілеу (Қазгидромет РМК 2019-2023 жж. мәліметтері негізінде)

Нургуль Сиханова¹, Ерлан Шынбергенов^{1*}, Нурила Тоғызбаева¹, Айман Карабалаева²

¹Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан; sihanova.nurgul@mail.ru; shynbergenov.erlan@mail.ru; nurila2009@mail.ru

²Астана Халықаралық университеті, Астана, Қазақстан; aiman_jan@mail.ru

*Корреспонденция: shynbergenov.erlan@mail.ru

Дәйексөз: Сиханова, Н., Шынбергенов, Е., Тоғызбаева, Н., Карабалаева, А. (2025). Қазақстан Республикасы ірі қалаларының топырақ жамылғысындағы ауыр металдардың таралуын геоақпараттық үлгілеу (Қазгидромет РМК 2019-2023 жж. мәліметтері негізінде). Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің хабаршысы. Химия. География. Экология сериясы, 152(3), 157-174. <https://doi.org/10.32523/2616-6771-2025-152-3-157-174>

Академиялық редактор:
Н.Е. Рамазанова

Редакцияға түсті: 13.04.2025
Түзетілді: 24.09.2025
Қабылданды: 26.09.2025
Басылымға шықты: 30.09.2025



Copyright: ©2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

Аңдатпа. Топырақтың ластану үрдісі адам әрекеті салдарынан соңғы екі ғасырда қарқындылығы бірнеше есе артып, көлемі үлкейді. Оның салдарын бақылауда ұстап, экологияны тұрақтандыру мақсатында әлем елдері химиялық қосылыстар мен уытты элементтердің табиғи ортаға шығу мөлшерін белгілі бір нормативтерге сәйкестендіреді. Елімізде топырақтың ластануының негізгі экологиялық нормативі – шекті рұқсат етілген концентрация (ШРК) болып табылатыны белгілі, яғни белгілі бір уақыт аралығында тұрақты байланыс немесе өзара әрекеттесу кезінде жануарларға, өсімдіктерге, микроорганизмдерге және жалпы табиғи қауымдастыққа әсер етпейтін топырақтағы поллютанттың мөлшері. Алпауыт өндіріс орындары орналасқан әкімшілік-аумақтық бірліктердің топырақ қабатының ауыр металдармен ластану деңгейін қадағалау мақсатында «Қазгидромет» РМК тарапынан еліміздің ірі қалаларында үздіксіз мониторинг жүргізеді. Нәтижесі қадағалаушы мекеменің ресми басылымы – бюллетендерде жарияланады. Мақала бюллетендердің бес жылдағы (2019-2023) бақылау нәтижесін сараптау мақсатында ұйымдастырылған. Мониторинг нәтижелерін статистикалық түрлендіру барысында хром, мыс, мырыш, кадмий және қорғасын элементтерінің урбандалған аймақтар топырағында таралу сипаты сарапталып, анықталды. Мұнан кейін деректер геоақпараттық технология көмегімен электронды карта бетіне түсіріліп, қауіптілік дәрежесіне сәйкес топтастырылды. Қалалардың топырағындағы ауыр металдардың кеңістік пен уақыт аралығында таралуына ғылыми тұрғыда сараптама жүргізіліп, әлемдік трендтермен салыстыру және талдау жасалды. Бюллетендермен сараптама жүргізу барысында уақыт өте келе басылымның сапасы артып, ондағы ақпараттың бірізділігі мен жүйелену деңгейі едәуір жақсарғандығы байқалды, дегенмен көп жерлерде мәліметтердің объективтілігіне күмәнді жайттар кездеседі және ауыр металдың мөлшері бірнеше жыл қатарынан көктем және күз мезгілінде өзгеріссіз шаманы көрсету фактілері тіркелді.

Түйін сөздер: топырақтағы ауыр металдар; мемлекеттік мониторинг; урбандалған аймақтар топырағы; ГАЖ.

1. Кіріспе

2005 жылы адамзаттың 49 пайызы, яғни 3,2 миллиард адам, қалаларда өмір сүрді, 2020 жылғы жағдай бойынша жер халқының 56,2 пайызы қалаларда тұрды. БҰҰ болжамының орташа нұсқасы бойынша 2050 жылы қалаларда жер халқының 68,6 пайызы тұратын болса, 2070 жылға қарай әлем халқының шамамен 70 пайызы қалаларда тұрады деп күтілуде (Desa, 2014). Ең дамыған аймақтардың халқының жартысынан көбі 1950 жылы қалаларда тұрды және 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш шамамен 80% жетеді деп болжануда. Еуропалық қоршаған ортаны қорғау агенттігінің (Aurambout et al., 2018) соңғы есебі қалалық аумақтарды кеңейтудің қоршаған ортаға әсеріне баса назар аударды.

Табиғи ортаның ластануының жай-күйі мен деңгейін бақылау және қадағалау мәселелеріне әлемнің көптеген елдері 1972 жылғы Стокгольм конференциясынан кейін назар аударып келеді. Жаһандық антропогендік микроэлементтер шығарындыларының негізгі бөлігі Азияның дамушы елдерінен келеді (Fouzia et al., 2024). Бұл елдерге әлемдегі кадмий шығарындыларының 49%, мыс шығарындыларының 50%, қорғасынның 43% және мырыштың 61% тиесілі, ал Азияның төрт елі (Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея және Қазақстан) кадмий мен сынаптың өндірістік қалдықтарынан әлемдегі көшбасшы ондыққа кіреді (Расуна et al., 2001; Li et al., 2009; Kismelyeva et al., 2021).

Топырақ адамзаттың жалпы өмір сапасына тікелей немесе жанама түрде үлес қосатын қалалық экожүйенің маңызды құрамдас бөлігі (de Hollander et al., 2003; Van Kamp et al., 2003). Қалалық жағдайда ол табиғи немесе ауылшаруашылық топырақтарына қатысты қосымша функцияларды атқарады. Ландшафт элементі ретінде ол саябақтар мен бақтарда эстетикалық және рекреациялық функцияларды орындайды, биоәртүрлілікті сақтауға ықпал етеді (Berdenov et al., 2024). Қалалық топырақ жиі пайдалану барысында жылдам өзгерістерге ұшырайды, олар көбінесе экожүйенің басқа бөліктерімен, ауамен, сумен және биотамен қарым-қатынасын өзгертетін нығыздалумен аяқталады (Farooq et al., 2021; Bahetnur et al., 2023; Zhalmagambetova et al., 2024; Dyussebayeva et al., 2025). Оның субстратын оның жұмысын өзгерте алатын басқа антропогендік материалдармен араластыруға болады (Morel et al., 2005; Efremov et al., 2021). Өнеркәсіп, жол қозғалысы, жанармай жағу және қоқыстарды шығару сияқты антропогендік әрекеттер көбінесе топырақтың ластануына әкеледі (Akhmetov et al., 2022; Temirbekov et al., 2023). Басқаша айтқанда, Еуропалық комиссия тізімдеген топырақты сақтаудың негізгі қауіптерінің көпшілігі, атап айтқанда: эрозия, тұздану, тығыздау, нығыздау және ластану қалалық аймақтарда тым белсенді жүреді.

Қалалық топырақтың ластануына арналған әдебиеттердің саны өте көп (Zhang et al., 2022). Көлік қозғалысы, жылу, өнеркәсіп және қоқыс шығару сияқты көздер көбінесе топырақтың органикалық және бейорганикалық ластаушы заттармен ластануына әкеледі (Kozhagulov et al., 2025). Басқа нәрселермен қатар, алаңдаушылықтың негізгі себептері полициклді хош иісті көмірсутектер, полихлорланған дифенилдер, диоксиндер, металдар және металлоидтар. Бұл ластанудың типтік диффузиялық сипаты және топырақтың адамдарға жақындығы халық денсаулығы үшін қауіпті арттырады.

Топырақтың жоғары деңгейде ластануының негізгі көздері атмосфераға түсетін ластаушы заттардың, негізінен тау-кен өндірісі кезінде, металлургия зауыттары, химиялық өндірістер орналасқан аудандарда, қазба отындарын жағу және басқа да бірқатар өндірістер, техногендік апаттар, соның ішінде атом өнеркәсібі және энергетика объектілерінде, қаруды сынау кезінде түсуі мүмкін (Yang et al., 2018; Khan et al., 2021).

Қалалық аумақтардың заманауи топырағы қарқынды техногендік жүктемелерге ұшырайды. Табиғи жағдайдағы топырақтан айқын ерекшеленетін жеке топ қалыптастырады. Мегаполис топырақтарына келесі белгілер тән: қоршаған орта реакциясының сілтіленуге қарай ауысуы, тотығу-тотықсыздану әлеуетінің төмендеуі, органикалық заттардың, жалпы

азоттың, калийдің және фосфордың жоғарылауы және ауыр металдарды қоса алғанда, ластаушы заттардың жинақталуы.

Қалалық топырақтар маңызды экологиялық функцияларды орындайды. Олар антропогендік поллютанттардың жинақталу сыйымдылығы жоғары қуатты күрделі геохимиялық тосқауыл болады, дегенмен бұл сыйымдылықтың шегі әлі анықталған жоқ. Қалалық топырақтарда аз зерттелгендерге заттардың сорбциясы, десорбциясы, трансформациясы және көші-қон процестері жатады.

Қазіргі уақытта қалалық топырақты мониторингтік зерттеудің өзектілігі абиотикалық каталитикалық белсенділік сияқты жаңа зерттелмеген қасиеттердің пайда болуы, топырақтың органикалық қосылыстарымен ауыр металдардың және олардың кешендерінің жоғары концентрациясымен байланысты (Sharma et al., 2017). Қалалардағы халықтың тығыздығы жоғары болуы мегаполистердің топырақтарын халықтың денсаулығына қауіп төндіретін табиғи факторлардың бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді (Zhang et al., 2020). Сондықтан тәжірибелік зерттеулерді дамыту үшін мониторингтік зерттеулер ыңғайлы қалалық ортаны қалыптастыру және экологиялық апаттардың алдын алу үшін оларды детоксикациялау бойынша ұсыныстар, технологиялар мен модельдер қажет (Zamotaev et al., 2017).

2. Материалдар мен әдістер

«Қазгидромет» РМК 2019-2023 жж. бюллетендерін мониторинг жасау барысында еліміздің ірі 23 қаласының топырақ қабатында ауыр металдардың (Cr, Cu, Zn, Cd және Pb) шоғырлану мөлшері анықталып, статистикалық өңдеу (минималды-максималды шама, орташа±стандартты ауытқу) жүргізілді (кесте 1).

Ауыр металдар мен металлоидтардың геологиялық жіктелуінде Cr – сидерофил, Cu, Zn, Cd және Pb – халькофилді элементтер тобына біріктірілген (Гринвуд, Эрншо, 2008). Кестеде берілген қалаларды таңдауға келесі себептер негіз болды: Бурабай, Щучинск қалалары ірі өнеркәсіп ошақтары жоқ, туристік мақсатта даму траекториясын ұстанған әкімшілік бірліктер. Көкшетау қаласы – жоғарыдағы туристік аймақтың 100 шақырымдық буферлік зонасында орналасқан, өнеркәсіп орындары дамыған қоныстану аймағы. Кестедегі қалған қалалар – облыс орталықтары және/немесе металлургия кешені дамыған урбандалған территориялар.

Кестедегі мәліметтерді визуалды айқындау мақсатында OpenStreetMap (OSM) деректері – сандық векторлы картографиялық материалдарының әлемдік мемлекеттер деректер қорынан ArcGIS пакетінде келтірілген геоақпараттық жүйелер мүмкіндіктерін қолданып, Қазақстан Республикасының шекарасы мен қалаларының орналасу картасы жасақталды. Дайындалған қалыптан электронды тақырыптық карта қабаттары құрастырылды. Ол үшін зерттеу нысаны – әр ауыр металға жеке электронды карта құрастырылып, қалалар бойынша 5 жылдық мониторинг барысында анықталған поллютанттың максималды мөлшері бағаналы диаграмма түрінде карта бетіне түсірілді. Нақты көрсеткіштің ластану деңгейін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасында қабылданған ауыр металдардың топырақ жамылғысында таралуының ШРК мөлшері де диаграмма түрінде қоса берілді.

Кесте 1. Қазақстан Республикасы қалаларының топырақ жамылғысында ауыр металдардың шоғырлану мәндері, мг/кг (минималды-максималды шама), орташа±стандартты ауытқу («Қазгидромет» РМК 2019-2023 жж. бюллетендері негізінде)

Қала атауы, сынама алынған жер	Cr	Cu	Zn	Cd	Pb
Балқаш, «Балқаштүстіметалл», Ленин–Әлімжанов көш. қиылысы, саябақ	(0,67- 18,02*) 7,004±5,8	(6,12-526,7) 120,4±125,8	(74,2-1327,8) 417,5±420,47	(0,27- 70,5) 18,3±25	(5,54- 1010) 433,3±326,5
Риддер, №3 мектеп, Қорғасын зауыты шекарасы	(0,07- 108,5) 7±24	(0,14- 27,2) 6,27±8,2	(23,8-1145,3) 310,6±384,4	(1,2-17,6) 5,5±4,8	(77,4-1055,6) 514,4±352
Өскемен, Трактор–Абай көшелері қиылысы	(0,01-5,6) 1,54±1,7	(0,33- 137,9) 29,4±40,7	(3,3- 951,9) 312,5±361,1	(0,28- 36,1) 9,8±11,7	(2,5- 1605,8) 460,5±512,7
Шымкент, «Южполиметалл» ЖАҚ	(0,2-3,41) 1,17±1,001	(0,12- 84,3) 16,81±22,95	(0,5- 221) 61,14±68,006	(0,1- 32,5) 12,1±12,84	(14,7- 1515) 374,07±554,75
Астана	(0,0001- 17,7) 1,9±5,2	(0- 22,6) 4,02±7,25	(0-7,1) 2,6±6,8	(0,001- 2,2) 0,5±0,6	(0-24,3) 4,1±8,0
Бурабай, «Бурабай» кешенді фондық мониторинг станциясы	(0,0001-1,5) 0,17±0,4	(0- 22,1) 2,5±5,4	(0,0019-1,5) 0,4±0,5	(0,0002- 2,1) 0,3±0,6	(0-24,5) 1,87±5,7
Щучинск	(0,0001-1,5) 0,2±0,46	(0- 23,2) 2,9±5,76	(0-1,6) 0,5±0,6	(0- 1,9) 0,36±0,62	(0-10,2) 0,8±2,3
Кокшетау	(0-1,3) 0,18±0,3	(0- 21,1) 3,2±7,3	(0-1,7) 0,4±0,5	(0- 1,1) 0,16±0,3	(0-30,3) 6,6±10,8
Ақтөбе, №16 мектеп, Тургенев көш., авиақалашық, т/ж вокзалы	(0-0,15) 0,06±0,04	(0,04-1,04) 0,3±0,2	(1,3-4,7) 2,37±1,0	(0-0,2) 0,1±0,06	(0-0,25) 0,1±0,07
Алматы, Абай–Сейфуллин даңғылы қиылысы, әуежай, «Меркур» автоорталығы, Сайран көлі	(0,11-2,36) 0,87±0,7	(0,3- 6,89) 1,7±2	(2,13-19,8) 9,5±6,4	(0,04- 0,62) 0,3±0,2	(9,4- 105,6) 37,3±28,2
Талдықорған, Киров, Индустриалды, Тәуелсіздік көш., №18 мектеп, Кардиология ауруханасы	(0,04- 10,3) 2,4±2,8	(0,3- 45,8) 4,6±10,0	(1,12- 83,4) 18,05±20,8	(0,1- 17,5) 2,2±4,05	(10,03- 1183,5) 267,4±303,67
Атырау, №19 мектеп ауласы, Демалыс саябағы, Атырау–Орал а/ж., АМӨЗ	(0,01-2,49) 0,3±0,6	(0,01-3) 0,5±0,8	(1,18-4) 2,1±0,7	(0,025-0,35) 0,1±0,08	(0-3,39) 0,36±0,87
Семей, «Семейцемент»	(0,05-4,5) 1,18±1,3	(0,06- 6,4) 2,5±2,5	(1,6- 29,98) 12,9±11,3	(0,02- 0,62) 0,25±0,2	(5,5- 65,66) 28±17
Тараз, №40 мектеп	(0,16-1,8) 0,6±0,4	(0,3-2,36) 1,0±0,6	(3,02-12,9) 6,8±2,7	(0,1- 0,6) 0,26±0,1	(13,9- 189,53) 57,7±52,6
Орал, №11 мектеп ауласы, «Киров» саябағы, «Зенит» зауыты	(0,01-0,15) 0,06±0,04	(0,06-0,81) 0,3±0,2	(0,81-6,38) 2,4±1,4	(0,01-0,22) 0,1±0,1	(0-0,3) 0,1±0,07
Қарағанды, «Қазақмыс» корпорациясы, ЖЭО–3, №101 мектеп	(0,2-4,25) 1,26±1,3	(0,54- 7,67) 3,5±2,4	(6,2- 150,5) 26,1±30,7	(0,1- 1,54) 0,5±0,5	(1,2- 38,1) 20,6±10,6

Жезқазған, автомагистраль, «Жезқазған мыс балқыту зауыты», №3 мектеп, Кеңгір суқоймасының бөгеті	(0,9-17) 5,4±5,5	(0,1- 511,8) 70,2±114,46	(26,9-448,1) 144,03±122,6	(0,34- 5,34) 2,4±1,8	(3,6- 310,2) 130,2±103
Теміртау, наубайхана, автомагистраль, ЖЭО-2, №11 мектеп	(0,52- 9,3) 3,5±2,9	(0,11- 15,4) 5,1±5,2	(14,6- 311,3) 38,5±64,7	(0,13- 1,8) 0,6±0,5	(0,8- 52,8) 30,01±14,4
Қостанай, Кондитерлік фабрика	(0,02-1,2) 0,565±0,3	(0,1-5) 2,5±2,3	(8,1-19,3) 13,2±3,4	(0,1-0,4) 0,21±0,1	(2,96- 60,46) 25,2±22,1
Қызылорда, Күл-қож үйіндісі, т/ж вокзалы – ескі өткел, Пионер саябағы демалыс орны	(0,07-1,8) 0,675±0,55	(0,3- 5,45) 2,4±1,8	(2,3-22,6) 10,17±7,45	(0,08-0,33) 0,17±0,07	(7,1- 97,06) 28,56±25,9
Ақтау, «Қошқар-Ата» қалдыққоймасы	(0,01-0,067) 0,03±0,01	(0,483-1,8) 0,85±0,35	(0,156-0,51) 0,3±0,1	(0,0061-0,064) 0,03±0,01	(0,001-0,028) 0,004±0,006
Павлодар, Назарбаев-Торайғыров, Естай-Бөкейхан көшелері қиылысы, «Қазақстан алюминийі» АҚ	(0,08-4,7) 1,2±1,47	(0,2- 4,3) 1,084±1,3	(1,4-20,3) 8,27±5	(0,05- 0,69) 0,2±0,17	(7,4- 64,2) 22,6±16,6
Петропавл, №4 мектеп ауласы	(0,08-4,4) 2,03±1,65	(0,1- 20) 9,175±7,6	(0,01-5,6) 1,76±2,09	(0,04- 0,8) 0,31±0,25	(0,1-31,8) 20,18±10,47
Қазақстан*	6	3	23	0,5	32

Ескерту. ***қою қара түспен** ерекшеленген шама – ШРК мөлшерінен жоғары мәндер; *Қазақстан – ауыр металдардың еліміздің топырақ жамылғысында таралуының қабылданған ШРК мөлшері

3. Нәтижелер

3.1. Қазақстандағы ірі қалалардың топырақ қабатының ластануы

2000 жылдардың басында Қазақстан халқының 56% қалалық жерлерді мекендесе (Almaganbetov et al., 2008), соңғы деректер бойынша көрсеткіш 62,9% теңелген. Қазақстанның урбанизацияланған аумақтарының топырақ жамылғысының ластану проблемалары негізінен өнеркәсіптік қалдықтармен байланысты (Saparov, 2014; Askarova, et al., 2018; Krasilnikov et al., 2018), мәселен елімізде жыл сайын шығатын 900 млн.т. қалдықтың 99,4% өнеркәсіптік қалдықтар, бұл ретте қатты қалдықтардың ең көп жиналуы Қостанай, Қарағанды және Павлодар облыстарында байқалады (Dahl et al., 2001; Iztileu et al., 2013; Aiman et al., 2018; Faurat et al., 2025).

Еліміздің қалалық аймақтарының топырақ жамылғысы техногендік ластанудың келесі түрлеріне бейім: тау-кен өндірісі, жылу энергетикалық станциясы және автокөліктердің улы түтіні (Saparov, 2014; Askarova et al., 2018; Krasilnikov et al., 2018).

Жалпы, елімізде қалалық жерлердің топырақ жамылғысының ластануын бағамдайтын нақты стандарт немесе ереже қалыптаспаған. Бұл мәселеге көз жеткізу үшін электронды деректер қорында сақталған еркін қол жетімді ғылыми әдебиеттерге шолу жүргізіп көрдік. Мәселен, бір жағдайда авторлар қалалардағы тазалықтың 5 деңгейі бар шкаланы басшылыққа алады, екінші зерттеуде химиялық ластанудың жиынтық көрсеткішіне (Zc) негізделген рейтинг әдісі қолданылған, ол ауыр металдардың жиынтық ластануы бойынша топырақ жамылғысының ластану деңгейімен іс жүзінде бірдей (Revich et al., 1990). Zc мәндері ШРК немесе Кларк санынан жоғары концентрациясы бар барлық элементтер үшін есептелген (Salim et al., 2023).

Ашық көздерден алынған Қазақстан Республикасында топырақтың ластануын саралауды айқындауға қабылданған тәсілдердің жиынтық кестесін жасау кезінде көрсеткіштердің белгілі бір мәндерін түсіндірудің кейбір дәлсіздіктері анықталды (кесте 2).

Кесте 2. Топырақтың ластануын анықтау тәсілдері

Шкала	Жиынтық тазалық деңгейі ¹⁹	Ластану деңгейі ²²	Ластану деңгейі ²³	Топырақтың ластану дәрежесін бағалау критерийі ²⁴		Санитарлық-химиялық көрсеткіштер бойынша топырақты бағалау ²⁵	
				Мәні	Класы	Химиялық заттардың ШРК асып кету жиілігі	Қауіптілік дәрежесі / ауыр металдар шоғырлануы ²⁶
< 2	өте таза	рұқсат етілген	төмен	I geo < 0	ластанбаған	<1	қауіпсіз / аз ластанған
2...8	таза			0 < I geo < 1	ластанбаған немесе орташа ластанған		
8...16	рұқсат етілген			1 < I geo < 2	орташа ластанған		
16...32	орташа қауіпті	орташа қауіпті	орташа	2 < I geo < 3	орташа және қатты ластанған	1...10	қауіпті / орташа ластанған
32...128	қауіпті	қауіпті	жоғары	3 < I geo < 4	қатты ластанған		
> 128	-	өте қауіпті	өте жоғары	4 < I geo < 5	қатты немесе өте қатты ластанған	10...25	өте қауіпті / қатты ластанған

				I geo > 5	өте қатты ластанған	>25	ЭКОЛОГИЯЛЫҚ апат / өте ластанған
--	--	--	--	-----------	------------------------	-----	--

Ескерту. ¹⁹Iztileu et al., 2013; ²²Salim et al., 2023; ²³Гребенева и др., 2014; ²⁴Woszczyk, Spychalski & Boluspaeva, 2018; ²⁵Тіршілік ету ортасы ..., 2021; ²⁶Baubekova, Akindykova, Mamirova, 2021.

Ұсынылған кестенің соңғы бағанында топырақты санитарлық-химиялық көрсеткіштер бойынша бағалау келтірілген, мұнда асып кету жиілігі мен қауіптілік дәрежесінің мәндері топырақтың ластануының тиісті рейтингтік параметрлеріне сәйкестендірілді (Тіршілік ету ортасы..., 2021). Жалпы, жоғарыдағы 1 кестені әдебиеттерден жинақтап, осы жұмыста пайдалануымыздың басты себебі – Қазақстан Республикасының ірі қалаларындағы топырақ жамылғысының ластану деңгейін зерттеуге байланысты қолжетімді әдебиеттерде шығарылған ғылыми мақалалар мен бюллетендерден материалдарды жинақтап, бір шамаға келтіру.


«Қазгидромет» РМК тарапынан еліміздің 23 ірі қаласының топырақ жамылғысында 5 ауыр металдың (Pb, Cd, Cu, Zn және Cr) шоғырлануына үздіксіз бақылау жүргізіледі, мәселен 2011-2018 жж. аралығындағы топырақта тіркелген поллютанттарды сараптау нәтижелері отандық және шетелдік ғалымдардың мақаласында берілген (Ramazanova et al., 2021).

4. Талдау

4.1. Хром

Қалалық жерлерде хром көздері негізінен металлургия және гальваникалық өнеркәсіп болады, өйткені ол коррозияға төзімділік үшін қорытпа компоненті ретінде қолданылады. Бояғыштар мен бояулардың құрамында хром болуы мүмкін. Атмосфераға шығарындылар автомобильдерден шығатын газдардан, қалдықтарды жағудан және мұнай мен көмірді жағудан туындауы мүмкін. Алайда, көбінесе хром литогендік субстраттан түзіледі. Ультрамафикалық жыныстардан, әсіресе серпентиниттерден түзілген топырақтарда көбінесе хром мөлшері жоғары болады (Adriano, 2001 Achmad et al., 2017).

Хромның топырақта жиі байқалатын мәні – 40 мг/кг (Adriano, 2001), ал (Alekseenko et al., 2014) мәліметі бойынша елді мекендердің топырағында кездесетін Cr кларк мөлшері – 80 мг/кг. Негізі, еліміздегі ірілі-ұсақты елді-мекендер мен қалалардың топырағындағы кездесетін хромның кларк мәні 42,2-82,7 мг/кг аралығында (Alekseenko et al., 2014). Ресми бұйрыққа сәйкес хромның ШРК мөлшері 6 мг/кг деңгейінде қабылданған (Тіршілік ету ортасы..., 2021). Төмендегі суретте Қазақстан Республикасы ірі қалаларының топырақ қабатында тіркелген Cr максималды мөлшері ШРК мәнімен салыстырмалы түрде берілген (сурет 1).




Сурет 1. Қазақстан Республикасы ірі қалаларының топырақ қабатында тіркелген Cr максималды мөлшері («Қазгидромет» РМК 2019-2023 жж. бюллетендері негізінде) (авторлар құрастырған)

Еліміздегі урбандалған аймақтардың топырағын зерделеу барысында 2019-2023 жж. аралығында хромның ең жоғарғы мөлшері Риддер қаласында тіркелген – 108,5 мг/кг, бұл 18,1*ШРК-ға тең, яғни Санитарлық-химиялық көрсеткіштер бойынша топырақты бағалаудың «өте қауіпті» дәрежесіне сәйкес келеді. Балқаш (18,02 мг/кг), Астана (17,7 мг/кг), Жезқазған (17 мг/кг), Талдықорған (10,3 мг/кг) және Теміртаудан (9,3 мг/кг) басқа қалалардың топырағы хроммен «қауіпті» деңгейде ластанбағандығы анықталып отыр.

4.2. Мыс

Бұл элемент электр сымдарын жасау үшін кеңінен қолданылады. Электрондық жабдық сонымен қатар мыс көзіне айналады (Lincoln et al., 2007; Wong et al., 2007). Сондықтан мыс қалалық жерлерде жиналуға бейім (Chen et al., 2022). Шын мәнінде, АҚШ-тың Нью-Хейвен қаласында жан басына шаққанда 144 кг мыс қорын есептеді (Drakonakis et al., 2007). Мыстың топырақтағы кларк саны 20 мг/кг, орташа әлемдік мөлшері ғалымдардың пайымдауынша 30 мг/кг құрайды (Adriano, 2001), ресейлік геохимиктер елді мекендер топырағындағы кларк саны 80 мг/кг шамасында деп мәлімдейді (Aleksenko et al., 2014). Қазақстан Республикасы ірі қалаларының топырақ қабатында тіркелген Cu максималды мөлшері ШРК мәнімен салыстырмалы түрде берілген (сурет 2).



Сурет 2. Қазақстан Республикасы ірі қалаларының топырақ қабатында тіркелген Cu максималды мөлшері («Қазгидромет» РМК 2019-2023 жж. бюллетендері негізінде) (авторлар құрастырған)


«Қазгидромет» РМК 2019-2023 жж. бюллетендерін мониторинг жасау барысында мыспен топырақтың ластануы бойынша максималды шама Балқаш қаласында тіркелген – 526,7 мг/кг, немесе 175,6*ШРК (ШРК – 3 мг/кг), яғни санитарлық-химиялық көрсеткіштер бойынша топырақты бағалаудың «экологиялық апат» дәрежесіне сәйкес келеді. Келесі сатыда Жезқазған, Өскемен және Шымкент қалаларының топырақ мониторинг нәтижесі – сәйкесінше 511,8 мг/кг (170,6 ШРК), 137,9 мг/кг (46 ШРК) және 84,3 мг/кг (28,1 ШРК). Жалпы,

урбандалған аймақтардың топырағының мыспен ластану дәрежесі – «таза» шамасына сәйкес келетін 4 қала анықталған, олар – Тараз (2,36 мг/кг), Ақтау (1,8 мг/кг), Ақтөбе (1,04 мг/кг) және Орал (0,81 мг/кг) қалалары. Атап өту керек, бұл аталған қалаларда тіркелген мыстың ең жоғарғы шамасы. Еліміздің басқа қалаларының барлығында 2019-2023 жж. аралығында жүргізілген мониторинг нәтижелеріне сәйкес топырақтың мыспен ластануы анықталып отыр.

4.3. Мырыш

Қалалық жерлерде мырыштың әртүрлі көздері шоғырланған. Металлургия және гальваникалық өнеркәсіптен және қалдықтарды өңдеу және жанармай жағу сияқты металдармен ластанудың қарапайым көздерінен басқа, мырыш шиналарда, батареяларда, электронды жабдықтарда (Lincoln et al., 2007) және қорытпалардан жасалған көптеген заттарда бар. Сиднейдің орталық бөлігіндегі мырыш қоры жан басына шаққанда 420 кг деп бағаланды.

Мырыштың елімізде бекітілген топырақтағы ШРК мәні – 23 мг/кг (Тіршілік ету ортасы..., 2021), топырақтағы әлемдік орташа концентрациясы 50 мг/кг құрайды (Alloway, 2012), дегенмен елді мекендер топырағындағы кларк саны – 158 мг/кг тең (Alekseenko et al., 2014). Еліміздің ірі қалаларының топырақ қабатында тіркелген Zn максималды мөлшері ШРК мәнімен салыстырмалы түрде берілген (сурет 3).




Сурет 3. Қазақстан Республикасы ірі қалаларының топырақ қабатында тіркелген Zn максималды мөлшері («Қазгидромет» РМК 2019-2023 жж. бюллетендері негізінде) (авторлар құрастырған)

Мониторинг нәтижесіне сәйкес мырыштың шоғырлануы ең жоғары шама 1327.8 мг/кг – Балқаш қаласында тіркелген, мырыштың ШРК – 23 мг/кг екендігін ескерсек, 57,7*ШРК – санитарлық-химиялық көрсеткіштер бойынша топырақты бағалаудың «экологиялық апат» дәрежесіне сәйкес келеді, мұнан бөлек Риддер (1145,3 мг/кг) және Өскемен (951,9 мг/кг) қалаларының топырағының да орасан зор мөлшерде мырышпен ластанғаны анықталып отыр. Жалпы, 2019-2023 жж. аралығында еліміздің 13 қаласының топырағы мырышпен ластанбағандығы тіркелген.

4.4. Кадмий

Қалалық ортада Cd жинақтаудың бірнеше көздері бар. Шын мәнінде, әлемде өндірілетін кадмийдің көп бөлігі никель-кадмий батареяларын өндіруде қолданылады, қалғаны гальваникалық жабындар үшін, пигменттер мен пластмассаларда қолданылады. Кадмий сонымен қатар автомобиль радиаторларын өндіруде, электронды компоненттер өндірісінде және фотографияда қолданылады. Шиналар, бензин, дизель және қозғалтқыштар майларының құрамына кіреді.

ҚР топырақтағы кадмий ШРК мөлшері – 0,5 мг/кг деңгейінде бекітілген (Тіршілік ету ортасы..., 2021), топырақтағы әлемдік орташа мөлшері 0,3 мг/кг құрайды (Adriano, 2001; Vodjanickij, 2008), еліміздегі урбандалған аймақтар топырағындағы Cd кларк саны 0,2-2,9 мг/кг аралығында, ал елді мекендерде тіркелген орташа кларк саны 0,9 мг/кг (Alekseenko et al., 2014). Еліміздің ірі қалаларының топырақ қабатында тіркелген Cd максималды мөлшері ШРК мәнімен салыстырмалы түрде берілген (сурет 4).



Сурет 4. Қазақстан Республикасы ірі қалаларының топырақ қабатында тіркелген Cd максималды мөлшері («Қазгидромет» РМК 2019-2023 жж. бюллетендері негізінде) (авторлар құрастырған)

ЮНЕП-тің топтауы бойынша «ерекше қауіпті» ауыр металл болып есептелетін кадмийдің еліміздегі қалалық аймақтар топырағынан табылуы бойынша мониторинг нәтижесі төмендегідей:


Балқаш қаласы – 70,5 мг/кг (ШРК – 0,5 мг/кг) немесе 141*ШРК – «экологиялық апат», Өскемен қаласы – 36,1 мг/кг – 72,2*ШРК – «экологиялық апат», Шымкент қаласы – 32,5 мг/кг – 65*ШРК – «экологиялық апат», Риддер (17,6 мг/кг) және Талдықорған (17,5 мг/кг) – «экологиялық апат».

4.5. Қорғасын

Қорғасын 1920 жылдан бастап бензинде дүмбібасқы ретінде қолданылып келеді және бояуларда қолданылатын қорғасынмен бірге қалалардағы ластанудың негізгі көздерінің бірі. Pb-нің басқа көздері – автокөлік батареялары, әйнектер, радиациядан қорғау және дәнекерлеу. Соңғы жылдары электронды өнімдер, электронды қалдықтар Pb-нің маңызды көзіне айналды (Lincoln et al., 2007; Terazono et al., 2006). Оның айқын уытты әсерлері оны қолданудың барынша төмендеуіне әкелді. Қазіргі уақытта құрамында қорғасын қосылмаған бензин көптеген елдерде қолданылады және 1978 жылдан бастап бояуларда Pb қолдануға тыйым

салынған. Дегенмен, оның ұзақ мерзімді қолданылуы мен қоршаған ортаға төзімділігі қалаларда Pb шоғырлануына әкелді, ықтимал токсикологиялық әсерлерді зерттеу немесе жай ғана топырақ құрамын бақылау үшін көптеген зерттеулер жүргізілді.

Қорғасын – негізгі халькофил, әдебиеттердің көпшілігінде кадмиймен бірге уыттылығы жоғары ауыр элементтер қатарында (Савич и др., 2002), дегенмен топыраққа түскен Pb белсенділігін төмендетіп, уыттылығын жоғалтады (Елькина, 2007). Қазақстандық нормативтерге сәйкес оның ШРК мөлшері 32 мг/кг, топырақтағы әлемдік орташа кларк саны 10 мг/кг, елді мекендер топырағындағы кларк 54,5 мг/кг тең (Aleksenko et al., 2014). Қазақстан Республикасы ірі қалаларының топырақ қабатында тіркелген Pb максималды мөлшері ШРК мәнімен салыстырмалы түрде берілген (сурет 5).



Сурет 5. Қазақстан Республикасы ірі қалаларының топырақ қабатында тіркелген Pb максималды мөлшері («Қазгидромет» РМК 2019-2023 жж. бюллетендері негізінде) (авторлар құрастырған)

«Қазгидромет» бюллетендері 2019-2023 жж. аралығындағы мәліметтеріне сәйкес қорғасынмен топырағы едәуір ластанған – Өскемен (1605,8 мг/кг), Шымкент (1515 мг/кг), Талдықорған (1183,5 мг/кг), Риддер (1055,6 мг/кг) және Балқаш қалалары (1010 мг/кг), «Тіршілік ету ортасының қауіпсіздігіне арналған гигиеналық нормативтерге» (2021) сәйкес «экологиялық апат» аймағы болып есептеледі (Тіршілік ету ортасы..., 2021). Мониторингпен қамтылған 23 қаланың тоғызы қорғасынмен топырақтың ластануы санатында – «таза» дәрежесінде.

«Қазгидромет» РМК 2019-2023 жж. арналған бюллетендерін сараптау барысында еліміздің ауыр металдармен топырақ жамылғысы ластанбаған, яғни Cr, Cu, Zn, Cd, Pb концентрациясы бойынша «таза» дәрежесіндегі әкімшілік бірліктердің тізімі жасақталды (Тіршілік ету ортасы ..., 2021). Олар: Ақтөбе, Орал, Ақтау қалалары.

